

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Қазақстан тарихы**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. 1992ж. 28 қыркүйекте Қазақстанда Қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайы өтті  
А) 1-ші  
В) 2-ші  
С) 3-ші  
D) 4-ші  
E) 5-ші
  
2. Ресейдің ірі қалаларында сұраныстың артуы, қазақ ауылдарында осы мал санының артуына әкелді:  
А) Жылқы  
В) Сиыр  
С) Түйе  
D) Қой  
E) Ешкі
  
3. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда мемлекеттік емес сектор белсенді дамыды. 1992 жылдың ортасында республикада құрылған концерндер мен консорциумдар саны:  
А) 76  
В) 60  
С) 30  
D) 35  
E) 120
  
4. Қазақтарға қыс уақытында малын Жайықтың оң жағалауына өткізуіне тыйым салған патша жарлығы шықты:  
А) 1731 ж.  
В) 1743 ж.  
С) 1771 ж.  
D) 1756 ж.  
E) 1773 ж.
  
5. 1867-1868 жж. Ереже бойынша уездер бөлінген әкімшілік аумақ:  
А) генерал-губернаторлық  
В) болыс  
С) түтін  
D) облыс  
E) ауыл

6. «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінің авторы

- A) Қадырғали Жалаири
- B) Мұхаммед Хайдар Дулати
- C) Жүсіп Баласағұн
- D) Ахмет Яссауи
- E) Махмұд Қашқари

7. Тарихи аренаға алғаш шыққан түркі тайпаларының бірі

- A) Қарлұк
- B) Қыпшақ
- C) Теле
- D) Ұйғыр
- E) Қырғыз

8. XVIғ. басындағы Қазақ хандығының өрлеуін тарихшылар мына есіммен байланыстырады

- A) Бұрындық хан
- B) Мамаш хан
- C) Тахир хан
- D) Бұйдаш хан
- E) Қасым хан

9. 1990 жылы мамырда «Невада-Семей» қозғалысының бастамасы бойынша «Дүние жүзінің сайлаушылары ядролық қаруға қарсы» атты халықаралық конгресс өткен қала:

- A) Семей
- B) Ақмола
- C) Жамбыл
- D) Алматы
- E) Шымкент

10. Андрондықтардың күнкөрісінің басты көзі

- A) аңшылық
- B) балық аулау
- C) егін шаруашылығы
- D) мал шаруашылығы
- E) қол өнері

11. «Өзбек - қазақ» атауы мына еңбекте кездеседі

- A) «Диуани лұғат ат-түрк»
- B) «Кұтадғу білік»
- C) «Тарих-и-Рашиди»
- D) «Жамиғат тауарих»
- E) «Жылнамалар жинағы»

12. Түрік қағанатының алғашқы билеушісі

- A) Иштеми
- B) Тон Жабғу
- C) Бумын
- D) Мұқан
- E) Қара-Еске

13. Индустрияландырудағы ауыр өнеркәсіпті дамытудың мақсаты

- A) ауыл шаруашылығын жаңғырту
- B) ұлттық қорды ұлғайту
- C) халықтың әл-ауқатын жоғарылату
- D) көлік пен байланысты дамыту
- E) материалдық ресурстарды көбейту

14. XX ғ.80 жылдарында Ботай қонысын зерттей бастаған ғалым

- A) А.Формозов
- B) Э.Марғұлан
- C) Қ.Ақышев
- D) В.Зайберт
- E) З.Самашев

15. Қазақстан мен Орта Азия Шыңғысхан империясының құрамына қосылды

- A) 1219-1222 жж.
- B) 1220-1214 жж.
- C) 1219-1224 жж.
- D) 1215-1224 жж.
- E) 1205-1219 жж.

16. 1913 ж. Омбыда оқитын қазақ жастары құрған қоғам

- A) «Эсерлер»
- B) «Бірлік»
- C) «Жігер»
- D) «Үш жүз»
- E) «Талап»

17. «Әскери коммунизм» саясатының негізгі белгісі

- A) Тауарлы салғырт
- B) Кіріс салығы
- C) Азық-түлік салғырты
- D) Тауарлы салық
- E) Азық-түлік емес салғырт

18. Орталық Қазақстанның қола дәуірін зерттеген археолог

- A) Қ.Ақышев
- B) А.Формозов
- C) З.Самашев
- D) В.Зайберт
- E) Ә.Марғұлан

19. XX ғ. 40 ж. ортасы мен 50 ж. басында Қазақстанда қудалауға ұшырап Мәскеуге кетуге мәжбүр болды:

- A) Б. Сүлейменов, Е. Смаилов
- B) Ә. Әбішев, Қ. Аманжолов
- C) Қ. Бекхожин, С. Бегалин
- D) А. Жұбанов, Х. Жұмалиев
- E) Қ. Сәтпаев, М. Әуезов

20. 1929-1931 ж.ж. ұжымдастыруға қарсы өткен Қазақстандағы көтерілістердің саны:

- A) 372
- B) 445
- C) 551
- D) 696
- E) 701

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән**  
**Дүниежүзі тарихы**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. 1953 жылы наурызда қайтыс болған КОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы

- A) Хрущев
- B) Калинин
- C) Сталин
- D) Молотов
- E) Жданов

2. XX ғасырдың басында «жана технологияны» өндірісте пайдаланған алдыңғы қатарлы елдер

- A) Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Франция, Бельгия
- B) Норвегия, Швеция, Нидерланды, Ресей, Австро-Венгрия
- C) Түркия, Австро-Венгрия, Голландия, Италия, Қытай
- D) Жапония, Қытай, Ресей, Португалия, Испания
- E) АҚШ, Ресей, Канада, Италия, Болгария

3. 1919 жылы құрылған Ұлттар Лигасының негізгі міндеті

- A) Дүние жүзін бөлісуді реттеу
- B) Әлемді коммунизмнен құтқару
- C) Бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- D) Жұмысшы табының негізгі талаптарын орындау
- E) Мемлекеттерге тәуелсіздік беру мәселесін реттеу

4. 1974 жылы АҚШ президенті Ричард Никсонның өзі еркімен қызметтен кетуіне себеп болған саяси жанжал

- A) Тафт-Хартли заңы яғни кәсіподақ қызметін шектеу
- B) «Уотергейт»
- C) Мартин Лютер Кингтің өлтірілуі
- D) Вьетнамдағы соғыс
- E) Кариб дағдарысы

5. 1947 жылы 23 маусымда АҚШ-да кәсіподақ қызметін шектеу және ереуілдер ұйымдастыруда кәсіподақтардың құқығын реттеу туралы заңы қабылданды

- A) Форд, Морган заңы
- B) Рузвель, Трумэн заңы
- C) Тафт, Хартли заңы
- D) Эйзенхауэр, Гувер заңы
- E) Никсон, Рейган заңы

6. Жапония милитаризмі тізе бұгу пактісіне қол қойды

- A) 2 қыркүйек 1945 жыл
- B) 7 мамыр 1945 жыл
- C) 8 мамыр 1945 жыл
- D) 2 мамыр 1945 жыл
- E) 5 мамыр 1945 жыл

7. 1971 жылы Пәкістан құрамынан бөлініп шыққан тәуелсіз Республика

- A) Камбоджа
- B) Ауғаныстан
- C) Шри-Ланка
- D) Бангладеш
- E) Пенджап

8. Германия Демократиялық Республикасы құрылды

- A) 7 қазан 1949 жылы
- B) 20 қазан 1959 жылы
- C) 15 желтоқсан 1960 жылы
- D) 9 мамыр 1945 жылы
- E) 2 қыркүйек 1961 жылы

9. XX ғасырдың бас кезіндегі Қытай президенті

- A) Чан Кайши
- B) Мао Цзедун
- C) Сунь Ятсен
- D) Дэн Сяопин
- E) Чжу Дэ

10. Екінші дүниежүзілік соғыста КСРО-на қарсы соғысқан Герман қарулы күштерінің пайызы

- A) 40%
- B) 50%
- C) 60%
- D) 80%
- E) 90%

11. XX ғасырдың ортасындағы Қытайдың Гоминьдан партиясының белгілі көсемі болған тұлға

- A) Чан Кайши
- B) Мао Цзедун
- C) Сунь Ятсен
- D) Дэн Сяопин
- E) Чжу Дэ

12. КСРО-ның алғаш және соңғы президенті

- A) Ельцин
- B) Горбачев
- C) Путин
- D) Черненко
- E) Андропов

13. Ұлыбритания премьер-министрі саясаттағы қаталдығы үшін «Темір ханшайым» атанған

- A) Блэр
- B) Вильсон
- C) Камерон
- D) Тэтчер
- E) Макмиллан

14. 2000 жылдың соңында Еуразиялық экономикалық қоғамдастық ұйымын құрған мемлекеттер

- A) Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан
- B) Армения, Ресей, Әзірбайжан, Қазақстан, Өзбекстан
- C) Беларусь, Молдова, Украина, Ресей, Қазақстан
- D) Латвия, Литва, Эстония, Ресей, Қырғызстан
- E) Қытай, Ресей, Беларусь, Украина, Грузия

15. Жапонияны 1954-1993 жылдар аралығы басқарған біріккен екі саяси партиясы

- A) Либералдар, Демократтар
- B) Коммунистер, Социалистер
- C) Демократиялық социализм
- D) Комэйто, Жаңа көкжиек
- E) Консерваторлар, Либералдар

16. Екінші дүниежүзілік соғыста одақтастар әскерлері кездескен өзен

- A) Дунай
- B) Днепр
- C) Волга
- D) Эльба
- E) Днестр

17. Жапониядағы 2011 жылы наурызда өте күшті жер сілкінісі Хонсю аралындағы атом-электр стансасы қиратылды

- A) Окинава
- B) Осака
- C) Фукусима
- D) Хиросима
- E) Нагасаки

18. Ұлыбританияның екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі премьер-министрі

- A) Клемент Этли
- B) Ллойд Джордж
- C) Уинстон Черчилль
- D) Гарольд Вильсон
- E) Дж. Мейджор

19. 1988 жылы Беназир Бхуттоны премьер-министрі болып тағайындалды

- A) Бангладеш
- B) Ауғанстан
- C) Үндістан
- D) Шри-Ланка
- E) Пәкістан



20. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде соғысқа қатыспай толық бейтараптық мемлекеттер

- A) Швеция, Швейцария, Ирландия
- B) Англия, Франция, Италия
- C) Болгария, Румыния, Венгрия
- D) Испания, Финляндия, Португалия
- E) Дания, Норвегия, Голландия

***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. 1907 жылы құрылған «Антанта» одағы блогына кірген мемлекеттер

- A) Англия
- B) Австро-Венгрия
- C) Франция
- D) Италия
- E) Ресей
- F) Қытай

22. 1882 жылы құрылған «Үштік одақ» блогына кірген мемлекеттер

- A) Ресей
- B) Австро-Венгрия
- C) Франция
- D) Германия
- E) Ұлыбритания
- F) Италия
- G) Сербия

23. Екінші дүниежүзілік соғыста тізе бүккен империалистік елдер

- A) Швеция
- B) Германия
- C) Италия
- D) Швецария
- E) Жапония
- F) Ирландия
- G) Испания

24. Фашистік ұйымдар алғаш Батыс Еуропада елдерінде пайда болып, билік басына келді

- A) Ұлыбритания
- B) Италия
- C) Франция
- D) Германия
- E) Бельгия
- F) Испания
- G) Ирландия

25. 1919 жылдың 18 қаңтарында Парижде бітім конференциясына шақырылмаған мемлекеттер

- A) Кеңестік Ресей
- B) Германия
- C) Франция
- D) Австро-Венгрия
- E) Ұлыбритания
- F) АҚШ
- G) Италия

26. КСРО-ғы жүргізілген саясат

- A) Үлкен шокпар
- B) Әскери коммунизм
- C) Жаңа бағыт
- D) Жаңа экономикалық саясат
- E) Маршалл жоспары
- F) Индустрияландыру
- G) Трумэн доктринасы

27. Дүниежүзіндегі елдер басқару билігі Коммунистік партия

- A) Қытай Халық Республикасы
- B) Үндістан
- C) Солтүстік Корея
- D) Сингапур
- E) Вьетнам
- F) Индонезия
- G) Пакистан

28. Ұлы Отан соғысындағы Қызыл Армияның қолбасшылары

- A) Жуков
- B) Тухачевский
- C) Рокосовский
- D) Блюхер
- E) Конев
- F) Власов
- G) Деникин

29. Жапонияны 1954-1993 жылдар аралығы басқарған біріккен екі саяси партиясы

- A) Либералдар
- B) Социалистер
- C) Комэйто
- D) Жаңа көкжиек
- E) Демократтар
- F) Коммунистер
- G) Консерваторлар

30. Қызыл Армияның КСРО-н азат етудегі Германия фашизмі басқыншыларына қарсы құпия операциялар

- A) Блиц-криг
- B) Багратион
- C) Шлиффен
- D) Уран
- E) Барбаросса
- F) Цитадель
- G) Бастион

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Антанта одағы жағында соғысқа қатысқан мемлекеттер арасында дүниежүзін қайта бөлісу міндеті тұрды. Осы міндетті орындау үшін Париж бейбіт конференциясы шақырылды. Конференцияға 27 елдің өкілдері қатысып, жеңілген мемлекеттер мен Кеңестік Ресей шақырылмады. Маңызды мәселелерді Ұлы державалар оңаша шешті. Конференция басынан бастап әділетсіз сипат танытты.

31. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қатты күшейіп, байи түскен мемлекет

- A) Ұлыбритания
- B) Кеңестік Ресей
- C) Франция
- D) Германия
- E) Америка Құрама Штаты

32. Конференцияда АҚШ-ң Президенті В.Вильсон ұсынған дүниежүзілік саясаттағы жаңа тәртіп

- A) «Ашық есік пен тең мүмкіндік»
- B) Африкадағы отарларды қайтадан бөлісу
- C) Германияның ұлы державалар қатарынан шығару
- D) Антанта одағы тарату, жаңа одақ шартын жасау
- E) Италияның қойған талаптарын қанағаттандыру

33. 1919 жылы 14 ақпан Ұлттар Лигасы құрылды. Лига Кеңесі бес елдің тұрақты мүшелерінен құрылды

- A) Ұлыбритания, Франция, Италия, Испания, Бельгия
- B) Франция, Нидерланды, Польша, Сербия, Голландия
- C) Бельгия, Италия, Германия, Жапония, Австрия
- D) АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия, Жапония
- E) Жапония, Италия, Қытай, Ұлыбритания, Франция

34. Вашингтон конференциясында Жапонияның бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Қытайдан басып алған территориясы қайтарылды

- A) Маньчжурия
- B) Шанхай
- C) Шаньдун
- D) Ухань
- E) Нянкин

35. Вашингтон конференциясы 1921 жылы 11-қараша 1922 жылы 6-ақпан өткізіліп, оған тоғыз елдің өкілдері қатысты. Конференцияда АҚШ-ң көздеген мақсаты

- A) АҚШ-ң Еуропада жаңадан пайда болған мемлекеттерге өз ықпалын күшейту
- B) Тынық мұхиты және Қиыр Шығыс мәселелерді шешу және теңіз қару-жарақтарын қысқарту ауыр кеме жасауға тыйым салу
- C) АҚШ пен Ұлыбритания, Жапонияны әлсіретуге бағытталған құпия келісім жасауға тырысты
- D) Соғыстан кейінгі Германияның экономикасын көтеруге конференцияға қатысушыларды қаржылай көмек көрсету жобасын ұсынды
- E) Кеңестік Ресейді мойындау, онымен сауда-экономикалық байланыс орнату

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Дүниежүзі әлемінде екінші дүниежүзілік соғыс біткеннен АҚШ бастаған империалистік Батыс және КСРО бастаған социалистік лагерьлер Шығыс болып дүниежүзі екі үлкен полюсқа бөлініп, ғылымда, өнерде, спортта, техника-технология дамуы, қару-жарақ шығаруда, бақталастық басталды.

36. 1980 жылы Мәскеу олимпиадасына бойкот жариялаған ел

- A) АҚШ
- B) Қытай
- C) Корея
- D) Куба
- E) Ауғанстан

37. Ауғанстандағы соғыс нәтижесінде дүниежүзілік саяси аренада басқыншы елдің мәртебесі түсті

- A) АҚШ-тың
- B) Ұлыбританияның
- C) Солтүстік Кореяның
- D) Қытайдың
- E) КСРО-ның

38. 1957 жылы тұңғыш жер серігін ұшырған мемлекет

- A) ҚХР
- B) АҚШ
- C) Үндістан
- D) КСРО
- E) Ұлыбритания

39. Космосты игерудегі алғаш Айға қонған қандай мемлекеттің ғарышкерлері?

- A) КСРО-ң
- B) АҚШ-ң
- C) Қытайдың
- D) Үндістанның
- E) Ұлыбританияның

0001 - нұсқа

40. АҚШ-тың басқыншылық соғысы қай елде жеңіліспен аяқталды?

- A) Кубада
- B) Кореяда
- C) Ауғанстанда
- D) Вьетнамда
- E) Иракта

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***